

2016ж.25.10. Өнер, мәдениет және спорт институт қабырғасында «Intercultural communication in education» пәнінен «*Main tendencies in education development of the Republic of Kazakhstan*» тақырыбы бойынша «Музыкалық білім және хореография» кафедрасының п.ғ.к., профессор м.а. **Қамарсұлу Ершатқызы Ибраеваның** ашық сабағы өтті. Сабаққа «Музыкалық білім» және «Педагогика және психология» мамандықтары бойынша оқитын 3-4-ші курс студенттері мен магистранттар мен докторанттар белсенді қатысты. Айтарлықтай бұл ашық сабақ «**Үздік оқытушысы – 2016**» атты республикалық конкурстық іріктеу лауазымына қатысу үшін сәйкес жүргізілді.

Ашық сабағында оқытушы заманауи интербелсенді оқу әдістерін қолданды, оның ішінде – рөлдік ойын, мыйға шабуыл, мини топтармен жұмыс, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту үшін Венн-диаграммасын қолдану және т.б. Сабақтың сонында студенттер ағылшын тілінде «**Shut De Do**» Р. Stonehill әнін орындады (аспапта соло орындаушы - Кенесбеков Талант вокалдық соло- 3 курс студенті Тұрсынбай Ботакөз).

Институт директоры, «2015 жылының ЖОО үздік мұғалімі» Б.А. Әлмұхамбетов және кафедра меңгерушісі М.І. Жексембекова жылы тілек сөздерін білдірді.











